

"Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 525 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 16-Ө бұйрығы

Қазақстан Республикасының Экология кодексі 290-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 525 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28798 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген көміртегі квотасының ұлттық жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Климат саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары

Экономиканың реттелетін секторлары бойынша квоталау субъектілері арасында бөлінуге жататын көміртегі квотасы бірліктерінің жалпы саны

Экономиканың реттелетін секторы	2022 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2023 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2024 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2025 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы
Электр энергетикасы өнеркәсібі	95 304 595	93 872 608	94 343 363	92 101 734
Мұнай-газ өнеркәсібі	23 039 146	22 692 974	22 921 486	22 379 767
Тау-кен өнеркәсібі	7 334 212	7 224 012	2 864 801	2 796 732
Металлургиялық өнеркәсіп	30 747 135	30 285 148	30 383 809	29 661 879
Химиялық өндіріс	1 715 105	1 689 335	2 464 510	2 390 980
Өңдеу (құрылыс материалдары: цемент, әктас, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде) өнеркәсібі	8 019 802	7 899 302	9 109 279	8 892 839
Көміртегі квотасы бірліктері резервінің көлемі	11 816 923	11 643 887	9 275 603	9 194 506